

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ  
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY



**«Жаңа қаржы үлгісі – қазақстандықтардың әл-ауқатын  
арттырудың негізі»  
халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының  
ЕҢБЕКТЕР ЖИНАҒЫ  
25 қаңтар 2019 ж.**

**СБОРНИК ТРУДОВ**  
международной научно-практической конференции  
**«НОВАЯ ФИНАНСОВАЯ МОДЕЛЬ КАК ФАКТОР ПОВЫШЕНИЯ  
БЛАГОСОСТОЯНИЯ КАЗАХСТАНЦЕВ»  
25 января 2019 г.**

**PROCEEDINGS**  
international scientific and practical conference  
**“New financial model as the kazakhstanis' wealth growth factor”  
25 January 2019**

Астана, Қазақстан  
Astana, Kazakhstan

**УДК 336.11**  
**ББК 65.261**  
**ГРНТИ 06.73.15**

**Редакционная коллегия:**

Декан Экономического факультета д.э.н., профессор Макыш С.Б.  
Заместитель декана по научной работе, к.э.н., доцент Бакирбекова А.М.  
Заведующий кафедрой «Государственный аудит» к.э.н., и.о. профессора Бейсенова Л.З.  
Профессор кафедры «Государственный аудит» д.э.н., профессор Сембиева Л.М.  
Профессор кафедры «Государственный аудит» к.э.н., и.о. профессора Алибекова Б.А.  
Доцент кафедры «Государственный аудит» к.э.н., доцент Тажикенова С.К.  
Доцент кафедры «Финансы» к.э.н., доцент Жагыпарова А.О.  
Зав.кафедрой «Экономических и математических дисциплин» ЕАГИ, к.э.н., доцент Тажбенова Г.Д.  
Старший преподаватель «Экономических и математических дисциплин» ЕАГИ, м.э.н. Мажитова Б.Б.  
Зав. кафедрой «Бухгалтерского учета, анализа и аудита в отраслях народного хозяйства» БГЭУ  
(г. Минск, Республика Беларусь), д.э.н., профессор Панков Д.А.  
Зав. кафедрой «Бухгалтерского учета, анализа и аудита» ГБОУВО РК «Крымский инженерно-педагогический университет» (г. Симферополь), д.э.н., профессор Абдуллаев Р.А.  
Доцент кафедры «Бухгалтерского учета, анализа и аудита» ГБОУВО РК «Крымский инженерно-педагогический университет» (г. Симферополь), к.э.н., доцент Мандражи З.Р.

**«Жаңа қаржы үлгісі – қазақстандықтардың әл-ауқатын арттырудың негізі»**  
халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының еңбектер жинағы. – Астана:  
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2019.

**Новая финансовая модель как фактор повышения благосостояния казахстанцев:**  
Сб. материалов межд. науч-практ. конф. – Астана: Евразийский национальный  
университет им. Л.Н. Гумилева, 2019.

Proceeding international scientific and practical conference “**New financial model as the  
kazakhstanis’ wealth growth factor**” - Astana, L.N.Gumilyov Eurasian National  
University, 2019.

**ISBN 578-601-337-111-5**

Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция жинағында азаматтардың табыстылығының кепілі болатын және қазіргі әлемнің сұрауларына жауап бере алатын жаңа қаржылық моделін жасау бойынша өзекті мәселелер қарастырылған

В сборнике материалов международной научно-практической конференции рассмотрены актуальные вопросы формирования новой финансовой модели, отвечающей вызовам современного мира и обеспечивающей залог успешности государства через повышение благосостояния граждан.

Materials of the international scientific and practical conference address the current issues of a new financial model formation responding the modern world challenges and providing a key to success of the state in increasing the welfare of citizens

**УДК 336.11**  
**ББК 65.261**

**ISBN 578-601-337-111-5**

© Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2019

© Евразийский Национальный университет им. Л.Н. Гумилева, 2019

© L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2019

4.Ашнина Ю.А., Борисов А.В., Борисова Н.И. [Развитие инфраструктуры современного города: социальные и экономические аспекты](#) // NovaInfo.Ru(Экономические науки) - №39-2, 2015 г. – стр. 178-183.

## МАКРОЭКОНОМИКАЛЫҚ ТҰРАҚТЫЛЫҚҚА ЖЕТУДЕГІ ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА БИЗНЕСТІҢ РӨЛІ

**Жагыпарова А.О. э.ғ.к., доцент м.а.**

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразиялық ұлттық университеті,  
Қазақстан Республикасы, Астана қ.

E-mail: [zhagyparova\\_aida@mail.ru](mailto:zhagyparova_aida@mail.ru),

Өтеген Самал Қанатқызы

4 курс студенті

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразиялық ұлттық университеті,  
Қазақстан Республикасы, Астана қ.

E-mail: [os.sam@mail.ru](mailto:os.sam@mail.ru)

**Андапта:** Бұл мақалада шағын және орта кәсіпкерліктің макроэкономикалық тұрақтылық жағдайына әсері туралы жазылған. Автор шағын және орта бизнес Қазақстанның экономикасындағы алатын орыны, елдегі бұл кәсіпкерлік түрінің жағдайы және дамыған Еуропа елдері мен Қазақстандағы шағын және орта бизнес көрсеткіштеріне салыстырмалы талдау жасаған. Мақалада Қазақстандағы шағын және орта бизнес саласындағы мәселелер мен әрі қарай дамыту жолдарына назар аударылған. Сонымен қатар, соңғы 5 жылдағы шағын және орта кәсіпкерлікте жұмыс жасайтын субъектілердің саны және осы кәсіп саласында жұмыспен қамтылғандардың саны көрсетіледі.

**Аннотация.** В этой статье освещается влияние МСБ на макроэкономическую стабильность. Автором проведен сравнительный анализ малого и среднего бизнеса в экономике Казахстана, состояния бизнеса в стране и показателей МСБ в развитых европейских странах и Казахстане. Статья посвящена проблемам и перспективам развития МСБ в Казахстане, кроме того, количество субъектов, занятых на предприятиях малого и среднего бизнеса за последние 5 лет, и количество работающих в этой отрасли.

**Annotation:** As the title implies the article describes the impacts of small and medium-sized businesses to macroeconomic stability. The author made mention to the state of business in the country and made a comparative analysis of small and medium-sized businesses in the economy of Kazakhstan and other European countries. Much attention is given to the problems and prospects of development of small and medium-sized businesses in Kazakhstan. In addition, the article describes the number of enterprises and employees who work in small and medium-sized businesses past 5 years.


**Түйінді сөздер:** Макроэкономикалық тұрақтылық, шағын және орта кәсіпкерлік, шағын және орта кәсіпкерліктің ЖІӨ үлесі, ШОБ-қа мемлекет тарапынан қолдау көрсететін бағдарламалар, шағын кәсіпкерліктің администрациясы немесе әкімшілігі.

Әлемдік тәжірибесі көрсеткендей алдыңғы қатарлы дамыған елдердің экономикасындағы макроэкономикалық тұрақтылықтың негізі шағын және орта бизнес қызметіне тікелей байланысты. Жалпы қазір әлемнің үздік экономистердің айтуынша макроэкономикалық тұрақсыздық бұл – нарықтың экономика үшін жат нәрсе емес және бұл нарықтың әрі қарай дамуына керекті факторлардың бірі деп есептеді. Дегенмен, ел әлем елдерінің барлығы мемлекеттің және халықтың материалдық және әлеуметтік жағдайын жақсарту мақсатында экономикадағы макроэкономикалық тұрақтылыққа ұмтылады [1].

Макроэкономикалық тұрақтылық бұл – тұрақты баға көрсеткіші мен жұмыссыздықтың төменгі жағдайында экономикалық тұрақты темпте өсуі .

Елімізде макроэкономикалық тұрақтылыққа жетудің негізі ретінде шағын және орта бизнесті дамытуды көздеп отыр. Ел президенті ННН «Қазақстанның тұрақтылығы бизнесқа тәуелді» және қазіргі кезде әр адамның өзін өзі қамтамасыз ете отырып, өз үйінде өмір сүруі үшін жеке шаруасының болуының маңыздылығын айта кеткен болатын. Мемлекет жағынан қолдау көрсетіліп отырған бұл кәсіпкерлік түрі қазіргі кезде белсенді дамып келе жатыр. Оны біз соңғы кестеде көре аламыз[2].

Кестеде соңғы 5 жылдағы шағын және орта бизнес өкілдерінің саны көрсетілген.



Сурет 1- 2013-2017 жж аралығындағы шағын және орта бизнес өкілдерінің саны

Жоғарыдағы диаграммада 2013-2017 жылдар аралығындағы 3 сала бойынша шағын және орта бизнес өкілдерінің саны көрсетілген. Назар аударып қарасақ, дара кәсіпкерлердің саны осы 5 жылғы көрсеткіштер басымдылық көрсететінін көре аламыз. Бастапқы жылда дара кәсіпкерлердің саны 660 262-ға тең болса, 2017 жылы бұл көрсеткіш жоғарылағаны байқалады. Ал шағын өнеркәсіптегі заңды тұлғалардың саны 5 жыл аралығында 3 есе өскен. Шаруа қожалықтарының саны да соңғы 5 жылда 16 %-ға өскенін байқаймыз.

Жалпы осы жылдары аралығында тек қана шағын және орта кәсіпкерліктерінің саны ғана емес, сонымен қатар осы кәсіпкерлік түрінде жұмыс істейтін адам саны да өзгерген. Бұл статистиканы төменде орналасқан кестеден көруге болады.


Кесте 1 - 2013-2017 жж аралығындағы шағын және орта кәсіпкерлікте жұмыспен қамтылғандардың саны

Белсенді субъектілерінің саны	2013ж	2014 ж	2015 ж	2016 ж	2017 ж	2013-2017 жж өсім	2016-2017 жж өсім
шағын кәсіпкерліктегі	527,5	849,0	1185,2	1249,3	1301,8	146	4

заңды тұлғалар							
дара кәсіпкерлер	990,7	1 136,0	1 360,3	1 288,2	1 240,9	25	-4
шаруанемесе фермер қожалықтары	346,9	309,4	286,5	276,4	286,0	-18	3

Кесте ШОК-те жұмыспен қамтылғандардың саны көрсетілген. Жұмысшылардың ең көп үлесі 2017 жылы шағын кәсіпкерліктегі фирмаларда жұмыс істейді. Бұл көрсеткіш соңғы бес жылда 146 өскені белгілі, ал дара кәсіпкерлікте қызмет жасайтын адам саны 2013 жылы – 990,7 мың адамды құраса, 2016 жылы 1288,2 мың адам жұмыспен қамтылған. Ал соңғы жылдың көрсеткіші бойынша мұнда 1240,9 мың адам қызмет жасайды. Шаруа қожалықтарындағы жұмысшылар үлесі соңғы бес жылдағы көрсеткіштерімен салыстарғанда -18 %-ға азайған, ал 2016-2017 жылдарды салыстырғанда 3 көбейгенін көреміз.


Төменгі суретте 2013-2015 жылдар аралығындағы шағын және орта кәсіпкерліктерінің шығарған өнім көлемін ақшалай бірлік көрсетеді. График бойынша, шағын кәсіпкерліктегі заңды тұлғалардың 2013 жылы 1 871 млрд тенге көлемінде өнім шығарса, бұл көрсеткіш жалдар бойы өсіп, 2017 жылы 16 488 млрд тенгені құрайды. Дара кәсіпкерліктер мен шаруа немесе фермер қожалықтарының шығарған өнім көлемдерінің де 1,5 есеге дейін көбейгенін байқаймыз.



Сурет 2 - 2013-2017 жж аралығындағы шағын және орта кәсіпкерліктің өнім шығарылымы[3]

Шағын және орта бизнес өкілдерінің макроэкономикалық тұрақтылық жағдайына әсерін ЖІӨ-дегі үлесіне қарап көре аламыз.

2013 жылы шағын және орта кәсіпкерліктің ЖІӨ-дегі үлесі 16,7 % құрады, соның ішінде шағын бизнес 6,4 % ал орта бизнес 16,7% құрайды. Ол соңғы жылдары шағын және орта бизнестің ЖІӨ үлесі 26,8 құрап, соның ішінде шағын бизнес 22,2 %, ал орта бизнес 4,6 % көрсетті. Осы кездегі назар аударатын жағдай, осы бес жылдықта шағын бизнес үлесі көбейсе, ал орта бизнестің ЖІӨ үлесі керісінше азайғанын көре аламыз.



Сурет 3- 2013-2017 жж аралығындағы шағын және орта кәсіпкерліктің ЖІӨ-дегі үлесі[4]

Шағын және орта бизнес қазіргі таңдағы экономиканың өсуінің жетелейтін күші болып саналады. АҚШ, Канада Батыс еуропа елдері сияқты дамыған мемлекеттердің экономикасының тарихына көз жүгіртсек, шағын және орта кәсіпкерліктер елдергі әлеуметік және экономикалық мәселелердің шешімі болып табылады. Шағын және орта бизнестің дамуы елдегі жаңа жұмыс орындарының ашылуына, ғылыми- техникалық процесстердің жетілуіне және халықтың тұрмыс- жағдайын жақсартуына өзінің септігін тигізеді.

Осы факт бойынша Қазақстандағы шағын және орта кәсіпкерліктің көрсеткіштерін Еуропаның мемлекеттерімен салыстырып қарасақ.

Кесте 2 - 2017 жылғы Қазақстан мен Еуропа елдеріндегі шағын және орта кәсіпкерліктің көрсеткіштері

	ШОК-тің ЖІӨ-дегі үлесі	ШОК-тағы жұмыспен қамтылғандардың үлесі	1000 адамға шаққандағы ШОК –тың үлесі	Экспорттағы ШОК үлесі	Импорттағы ШОК үлесі
Қазақстан	26	37	12	18	62
Венгрия	54	71	56	48	50
Германия	55	62	31	33	45
Испания	62	73	54	54	54
Норвегия	71	67	61	61	62
Литва	72	76	82	82	71
Греция	79	86	51	51	57

Кестеде Қазақстан, Венгрия, Германия, Испания, Норвегия, Литва және Греция елдерінің ШОК –қа байланысты көрсеткіштері салыстырылған. Сондағы жағдайда, Қазақстандағы шағын және орта кәсіпкерліктердің Еуропа елдерімен салыстырғанда қандай жағдайда екенін көре

аламыз. Мысалы Қазақстандағы ЖІӨ-дегі ШОК үлесі 26% құраса, Еуропа мемлекеттерінде бұл көрсеткіш 50 %-дан жоғары екенін көреміз[5].

Жалпы шағын және орта бизнестің ел экономикасының макроэкономикалық тұрақтылық жағдайына алып келетіні белгілі. Сондықтан тәуелсіздік алғаннан кейінгі жылдары осы бизнес түрін дамытуға талпыныс жасаған болатын. Өкінішке орай, сол кездегі шағын және орта бизнесті дамытуға жасалған тактика дұрыс боламды. Бірақ қазіргі таңда шағын және орта бизнесті қолдау және дамуына қамтамасыз ету шараларының әсерінен сол күндердегі жағдаймен салыстырғандағы айырмашылықты анық көре аламыз.

Макроэкономикалық тұрақтылық жағдайын қалыптастырудағы шағын және орта бизнестің ықпалы зор. Бірақ Қазақстандағы бұл бизнес түрінің жағдайы бұрынғы жағдайына дамығаныменосы саламен байланысты әлі де болсын мәселелер бар екенін және де оны әрі қарай дамыту керек екенін айта кетсек болады. Бұл мәселелерге Қазақстанның экономикалық жағдайын жатқызуға болады. Ал сонымен қатар халыққа мемлекет тарапынан ШОК қолдау көрсететін бағдарламалар туралы дұрыс және жеткілікті ақпараттандырылмағандықтан[6].

Жалпы шағын және орта бизнестің даму жолын Америка және Еуропа елдерінің тәжірибесіне қарайтын болсақ. АҚШ елінде ШОК «Ұлы депрессиядан» кейін қолға алынған. Өйткені сол кезде ақ ШОК экономиканың және экономикалық тұрақтылықтың негізі деп танылған. Жалпы Америка елінде мемлекет тарапынан ШОК-ты қолдау өте жоғары деңгейде. Жалпы АҚШ-та шағын және орта бизнесті қолдайтын 2 комитет бар екені белгілі. Сонымен қатар шағын кәсіпкерліктің администрациясы да осы бизнесті дамытуға жұмыс жасайды және осы администрацияның бөлімшелерін бүкіл мемлекет аумағында таралған. Администрация шағын және орта бизнесті басқармайды, ол тек қана кәсіпкерлерге қолдау көрсетіп, кәсіпкерге қажетті нарық жағдайы туралы ақпарат беріп, өз кәсібін жаңадан бастаушыларға жол көрсетіп тұрады. Ал Еуропа елдеріне келетін болсақ, ЕО ШОК –ты қолдауда негізгі саясаты мыналар болып табылады: шағын және орта бизнесті қаржылай қолдау, ШОК-ті реттейтін заңнаманың қарапайым болуы, оларға қолдау көрсету және ШОК айналысатын кәсіпкерлер арасындағы бәсекелестікті күшейту[7].

Жалпы жоғарыдағы мемлекеттердің тәжірибесін ескере отырып, Қазақстандағы ШОК-ты ары қарай дамытуға мынандай ұсынысты келтіруге болады.

- Халықтың мемлекет тарапынан қолдау көрсететін бағдарламалар туралы мағлұмат беру, яғни АҚШ еліндегідей шағын бизнес администрацияның аналогын құру арқылы, халық арасындағы шағын және орта бизнес өкілдерін қолдау, мүмкін болса, барлық елді-мекендерде бөлімшелер құру.
- Жаңадан құрылған шағын және орта кәсіпкерліктерге алдағы 2-3 жылдықта салық жеңілдігін жасау.

Қорытындылай келе, шағын және орта кәсіпкерлік қазіргі кездегі макроэкономикалық тұрақтылық жағдайына негізгі көзі. Әсіресе қазіргі кезде, нарықтық экономика жағдайында экономикалық өсім осы кәсіпкерлік саласымен тығыз байланысты. Сондықтан еліміздегі шағын және орта бизнестің дамуы ел экономикасын жақсартып, жаңа дәрежеге шығаратыны сөзсіз.

#### **Әдебиеттер:**

- 1 Экономика Казахстана на пороге XXI века //Мамыров Н.К.//Алматы. Экономика.
- 2 ҚР президентінің ресми сайты - [www.akorda.kz](http://www.akorda.kz)
- 3 Статистика комитетінің ресми сайты - [stat.gov.kz](http://stat.gov.kz)
- 4 Обзор МСБ Казахстана 2018// <http://www.halykfinance.kz>[http://](http://www.halykfinance.kz)
- 5 Малый с средний бизнес в странах Европы // мниап.рф
- 6 Проблемы развития малого и среднего бизнеса Казахстана// [alau.kz](http://alau.kz)
- 7 Развитие малого бизнеса в США// <http://economy-ru.info>